

«Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр» күні атап өтілді

16 наурыз - «Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр» күніне орай, «С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ жатақханаларында (№5,6,7,8) халық жадында сақталып, әлі желісін үзбеген «Бесікке салу», «Ұзату», «Қыз айттыру», «Сырға салу» сынды ғұрыптарынан үзінді көріністер қойылды.

Іс-шараның мақсаты - халқымыздың дүниетанымы, салт-дәстүр, әдет-ғұрпы мен жөн-жоралғы, наным-сенімін және ұлттық ұстанымын насихаттау. Асыл қазынамызды қайта жаңғыртып, жас ұрпақтың бойына сіңіру.

Іс-шара барысында ұлттық ойындар ойнатылып, би мен әндер айтылып, ұлттық тағамдардан дастархан жайылды. Салтанатты бөлім аяқталғаннан кейін, іс-шараға қатысушы үлкен-кішінің барлығы мерекелік дастархан басына жиналып, дәстүрлі наурыз көже мен ұлттық тағамдардан дәм татты.









